

**"Объектілерді салу үшін бастапқы материалдарды (деректерді) және рұқсат беретін құжаттарды ресімдеу мен беру тәртібін оңайлату жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 мамырдағы № 425 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 881 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 маусымдағы № 479 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.06.2015 № 479 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Объектілерді салу үшін бастапқы материалдарды (деректерді) және рұқсат беретін құжаттарды ресімдеу мен беру тәртібін оңайлату жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 мамырдағы № 425 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 24, 227-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ғимараттардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) салуға және қолданыстағыларын қайта жаңартуға (қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға) рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат беруді (рұқсат беруден дәлелді бас тартуды):

1) қаржыландыру көздеріне қарамастан, жоспарлануы, жобалануы және салынуы облысаралық, жалпы республикалық, мемлекетаралық (халықаралық) маңызы бар және екі және одан көп облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мүдделерін немесе Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің мүдделерін қозғайтын стратегиялық немесе өзге де маңызды жалпымемлекеттік міндеттерді шешумен байланысты объектілер бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік о р г а н ;

2) қаржыландыру көздеріне қарамастан, жоспарлануы, жобалануы және салынуы аталған облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) міндеттерін орындаумен байланысты және стратегиялық немесе өзге де маңызды жалпымемлекеттік міндеттерді шешу мақсаты жоқ объектілер бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның

аумақтық бөлімшелері жүргізеді.»;

5-тармақ алынып тасталсын;

14-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) қайта жаңартуға (қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға) мүдделі және сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын тиісті жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшесінің тиісті шешімі бар адамдар тиісті құрылыс-монтаж жұмыстарын жасауға рұқсат алу үшін мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауды жүзеге асыратын органдарға ө т і н і ш б е р е д і . » ;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Объектінің конструкциялары мен функционалдық мақсатын өзгертпей (сейсмикалық қауіптілігі жоғары не өзге ерекше геологиялық (гидрогеологиялық) немесе геотехникалық жағдайлары бар аудандарды қоспағанда) жер учаскесінің (аумақтың, трассаның) қазіргі шекарасында жүзеге асырылатын қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын қайта жаңарту, қайта жоспарлау, қайта жабдықтау құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат алмай-ақ, сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын тиісті жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшесінің тиісті шешімі негізінде ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы . » .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*